

Егемен Қазақстан

Egemen.kz

Қорық үшін қорықпауымызға бола ма?..

Үстірт қорығы



Уақыт өткен сайын табиғи және экологиялық өзгерістерге ұшыраған тау-тас, өсімдіктер әлемі мен адамдардың ашкөздікпен араласуы салдарынан саны кемуге бағыт алған жан-жануар, аң-құстар дүниесі қорық ретінде өз алдына арнайы сақтауды қажет етеді. Осы мақсатта елімізде бірқатар қорық қызмет етеді десек, батыс өңіріндегі бірден-бір қорық – Үстірт қорығы.

Ашылуына осыдан 30 жыл бұрын Үстірт тау қойының Маңғыстауда жойылып кету қаупі себеп болған қорық – қазір өңірдегі іргелі мекемелердің бірі. Жаңаөзен қаласынан 200 шақырым қашықтықта, Қарақия ауданының шығыс бетінде орналасқан қорықтың жер көлемі 223342 га болса, ол аумақтағы тау, қыр, тік құлама жар, сорлар мен бұлақтарда өсімдіктердің 336 түрі өсіп, сүтқоректі жануарлардың 29 түрі, бауырымен

жорғалаушылардың – 15, омыртқасыздардың – 794, құстардың – 165, қосмекенділердің 1 түрі мекен етуде. Олардың арасында сирек кездесетіндер мен жойылып кету қаупі төнген, еліміздің Қызыл кітабы мен Халықаралық табиғатты қорғау одағының (ХТҚО) Қызыл тізіміне енгендері де бар.

Үстірт мемлекеттік табиғи қорығының директоры Жалғас Ұстадовтың айтуынша, ғылыми қызметкерлер еліміздің, Ресейдің ғалымдарымен бірігіп, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді екен.

Шөлді аймақта орналасқан, табиғи климаттық жағдайы өте қатал, ішуге жарамды тұщы суы аз және қорғалатын аумағы өте үлкен Үстірт қорығындағы ең басты жұмыс қорықшыларға жүктеледі. Бұрынырақта көлік және жалақы мәселесінен тапшылық көрген қорықшылар қазір көлікпен, қару-жарақпен, байланыс құралдарымен, қызметтік киімдермен қамтылған. Ал, республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мекемеде жалақы жайы әлі де өзекті мәселе. Қазақстандағы, соның ішінде Маңғыстауда, одан әрі түптей түссек, Жаңаөзендегі тұрғындардың көпшілігі мұнай саласында қызмет етуді ғана қалайтыны жасырын емес. Осыдан келіп жұмыссыздық мәселесінің шиеленісе түсетіні де белгілі. Сол халқының денін мұнайшылар құрайтын Жаңаөзен қаласында тұрғанмен, «мұнайшы болам» деп бәлсінбей, қорықшылықты кәсіп еткен азаматтардың жалақысы қазір 50-60 мың теңге шамасында. Сондықтан, Үстірт жонының қысқы суығы мен жазғы аптабында иен дала төсінде табиғи байлығымызды күзетіп жүрген қорықшылардың жалақысын көбейту дұрыс деп ойлаймыз. Жасыратыны жоқ, осыдан бірнеше жыл бұрын инспекторлардың браконнерлермен «ауызжаласатыны» туралы хабар құлаққа тиген. Кеңес кезінде қаскөйді құрықтаған қорықшыға 37 пайыз көлемінде сыйақы тағайындалатыны да осыдан болса керек. Қорық басшылығы осыдан 10-11 жыл бұрын саны 550-600 бас болған Үстірт тау қойының екі есеге жуық көбейіп, қазір 1070 басқа дейін жеткендігін айтады. Бұл қорықшылардың еңбегі, олай болса, еңбектің өтеуі де ойдағыдай болуы тиіс.

Қорықта қазіргі таңда туындап отырған мәселенің бірі – қорықпен іргелес кен орындарын игеру. Бұл жағдай шөл зонасының ерекше табиғаты мен ландшафтын жаратылған күйінде сақтап қалу, антропогендік әсерлерді болдырмау мақсатына кері әсерін тигізеді. Нақтырақ айтсақ, бұрын барланып, өндірісі кейінге қалдырылған Қансу газ кен орны мен Самтыр мұнай-газ кен орындарын игеру қорық аумағының экологиялық жүйелерінің күрделі өзгерістерге ұшырауына, өндірістік орындарға жақын орналасқан аумақтарда өсімдік жамылғысының жойылуы, аң-құстардың мекен ауыстыруы, ауа арқылы таралатын конденсаттық қоспалардың тіршілік иелерінің денсаулығына әсері алдымен терең зерттеуді қажет етеді. Экономикалық жағдайдың маңыздылығы, өндірістік қажеттілік табиғи құндылықтарды құлдырату, аң-құс, өсімдіктер әлемін бүлдіру немесе қандай да бір зиян-зардабын тигізу есебінен жүзеге аспауы тиіс. Сондайақ, қорықтағы күні бүгінгі өзекті мәселелердің бірі – Кертақтай жонын, Ақорпа бұрқағын, Қаражар аймағын қорық аумағына қосу немесе күзет аймағы етіп белгілеу. Себебі, қорық ұйымдастырылған кезде шаруашылық қажеттілігі үшін қосылмай қалған бұл жерлер қазір саны азайып кеткен қарақұйрық, қарақұлақ, қарабауыр бұлдырық сынды жануарлардың мекені.

Су көзі тапшы Маңғыстауда осынша аң-құсты, өсімдіктер дүниесін қалай сумен қамтамасыз етіп отыр деген сауал туындайды. Расында, бұл жылдан-жылға ұлғайып келе жатқан мәселе екен. Күні бүгінге дейін мұндағы тіршілік иелері қорық аумағындағы Көкесем, Кендірлі, Өнере сынды ірі бұлақтармен бірге, өзге ұсақ бұлақтарды, ызаларды су көзі ретінде пайдаланып келген. Бірақ, кеңшарлар кезінде шаруашылық мақсатында пайдалану үшін қазылған құдық, бұрғыланып шығарылған, қазір бітеліп қалған су көздерін қайтадан аршу қажеттігі аңғарылуда.

Маңғыстауда Үстірт қорығынан басқа Кендірлі-Қаясан мемлекеттік табиғи қорық аумағы және Ақтау-Бозашы мен Қарақия-Қаракөл мемлекеттік табиғи зоологиялық қаумалдары бар. Қорықтан арасы азғана дәліз арқылы бөлінетін Кендірлі-Қаясанның

қолданылу мақсаты өзгеше, яғни белгілі бір дәрежеде аңшылық рұқсат етілгендіктен, Үстірт қорығымен қосылуы мүмкін емес. Бірақ, екі ортадағы қорғалмайтын дәліз арқылы әрлі-берлі өтіп жүретін аңдар мен олардың мекен ету ортасын қорғау мақсатында екі ерекше қорғалатын табиғи аумақ күзет қызметтері арасында тығыз әріптестік орнату қажет етіледі.

– Осыдан бір жыл бұрын мен республикалық маңызы бар Кендірлі-Қаясан қорық аймағында «Қазақстан биоалуантүрлілігін сақтау ассоциациясы» республикалық қоғамдық бірлестігі жүргізген жануарлар санағына дала биологы ретінде қатыстым. Қатыса жүріп, мен алдымен Үстірт тау қойларының өте үркектігін байқадым. Мысалы, Бекет ата жатқан Оғыланды тауларындағы тау қойлары ол жерге күніне жүздеген адамдар мен ондаған көліктер келіп-кетіп жүргеніне қарамастан, адамнан қорықпайды, себебі – оларға ешкім тиіспейді және мазаламайды. Кендірлі-Қаясан аумағындағы тау қойларының үркектігі – бұларға адамдар тарапынан келген қорқынышты байқатады. Сондай-ақ, санақ кезінде бірде-бір қарақұйрық кезіктірмедік, алайда инспекторлар олардың күз айларында көршілес Үстірт қорығына қыстауға өтіп кететіндігін айтты. Бірақ, аталмыш қорық аймағында картада белгіленген жолдардан тыс жерлерде автомашиналар іздерінің кездесуі, атылған гильзалар мен адамдар пайдаланған түрлі қоқыстардың болуы күдікті күшейте түсті. Ал, заң бұзушылармен сөйлескенде өз-өзіне сенімсіздігі байқалатын инспекторлардың кәсіби деңгейінің төмендігі көзге ұрып тұрды, – дейді табиғат жанашыры, биолог Әділбек Қозыбақов.

Ал Қарақия-Қаракөл қаумалына келсек, Маңғыстау атом энергетикалық комбинатының пайдаланған суын салқындату үшін төгілген судан пайда болған Қаракөл көлі – жасанды су қоймасы түрлі су құстарының, оның ішінде Қызыл кітапқа енген аққу, қоқиқаздардың мекеніне айналған. Табиғаты ерекше Қарақия ойпатында шаруашылық әрекеттерінің нәтижесінде Үстірт тау қойы, қарақұйрық, шағыл мысығы тәрізділердің саны саусақпен санап аларлық болып азайып, қабылан мүлде жойылып кеткен. Қарақия ойпаты мен Қаракөлдің табиғатын сақтап қалу үшін оны қорғау жұмыстары Үстірт мемлекеттік табиғи қорығына берілген.

Ақтау қаласынан 15 шақырым қашықтықтағы Қаракөл көлінде құстардың жүзге жуық түрі, оның ішінде Қазақстанның Қызыл кітабы мен ХТҚО Қызыл тізіміне енген жиырмадан астам түрі уақытша және үнемі мекен етеді. Облыс орталығына жақын орналасқан жасанды су қоймасының жағалауына көктемнен бастап күзге дейін ақтаулықтар және қала қонақтары «жабайы» турист ретінде демалып тұрып, өздерінен кейін қоқыс-қалдықтарды тастап кетеді. Олардың арасында құс атушылар да кездеседі, мұның дәлелі – көл жағасындағы атылған гильзалар. Әкімшілік заң бұзушылық кодекстің 295-бабының 2-бөліміне сәйкес, ерекше қорғалатын табиғи аумақта аңшылықтан басқа заң бұзушылықтары үшін азаматтарды 8-15 АЕК аралығындағы сомаға айыппұл тағайындау арқылы әкімшілік жауапкершілікке тартуға болады. Бірақ ол үшін, заң бойынша, хаттаманы Үстірт қорығының инспекторлары толтырып, әкімшілік заң бұзушылық жөніндегі үкімді аумақтық орман және аңшылық шаруашылығы инспекторлары шығару керек. Алайда, Үстірт қорығының инспекторлары хаттама толтырудан бас тартады екен, себеп, аумақтық инспекция инспекторлары, яғни табиғат қорғаушылардың арасындағы түсініспеушілік. Ал бұл «түсініспеушіліктің» астары әріде жатыр. Екі ортада Қаракөл көлінің құс тары, керемет табиғаты зардап шегіп жатқаны кімнің жанын ауыртып, назарын аударары әлі белгісіз...

Сонымен, қорық – қауіпсіз деп үзілді-кесілді айта алмаймыз. Бірақ, кең даламызда айна көлдер мен мөлдір бұлақтар күнге шағылысып, өсімдіктер желмен үндесе сыңсып, масайраған жан-жануарлар ойнақ салып, құстар тамылжыта ән салып тұрған тамаша табиғатымыз жоқ, дала төсінде сақталған табиғаттың бір тамшы үзіндісін сақтап қалу – азаматтық парыз.

Гүлайым ШЫНТЕМІРҚЫЗЫ